

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің  
№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорнының кезектен тыс педагогикалық кеңес

**Хаттамасы**

Атырау қаласы  
Қатысқандар: 10 педагог

26.12.2024 жыл.

**Тақырыбы:**

1. Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде №23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.

**Күн тәртібінде:**

1. Ұжымдық «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстыру.
2. Баяндалған өлшемшарттарға сәйкес ұжым арасынан №23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамын бекіту.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бөбекжай директор м.у.а А.Н.Кансултанова сөз алып, бүгінгі жиналысқа жиналуымыздың себебі, 2025 жылдың ақпан айында №23 «Ынтымақ» бөбекжай - бақшасы 2024-2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттаудан өту мақсатында алдымызда үлкен жауапкершілік тұрғанын айтып, кестеге сәйкес өзін-өзі бағалауын өткізу жоспарланғанын ескертті. Жиналысқа қатысушы педагогтарды «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен таныстырды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1. Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырушылық қызметтің ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының сәйкестігі қаралады.



2. Білім беру қызметі ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламасына сәйкес іске асыруы қаралады.
  3. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының сақталуы қаралады.
  4. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы қаралады.
  5. Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің болуы және нәтижелерін талдауы қаралады.
  6. Үлгілік оқу бағдарламасына қосымша сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің болуы және талдауы қаралады.
  7. МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы қаралады.
  8. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтауы қаралады.
  9. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтауды қаралады.
- Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар төмендегідей қаралады:
1. Тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтардың мәліметі беріліп, растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.
  2. Біліктілік санатының деңгейін 5 жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтардың мәліметі беріліп, растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.
  3. 3 жылда бір рет сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтардың мәліметі беріліп, растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.
  4. Білім беру ұйымының ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһаздармен жарақтандырылуы қамтамасыз етілгендігі туралы мәлімет беріліп, видео материал қоса беріледі.



